

РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ



**ЕСЕТ БАТЫР КӨКІҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 350 ЖЫЛ  
ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН  
«XVII-XVIII ғғ. ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР  
ҚАҚТЫҒЫСТАРЫНДАҒЫ  
ХАЛЫҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ РОЛІ: ҚАЗАҚ  
БІРЕГЕЙЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**



**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«РОЛЬ НАРОДНЫХ ЛИДЕРОВ В КАЗАХО-  
ДЖУНГАРСКОМ ПРОТИВОСТОЯНИИ  
XVII-XVIII вв.: ФОРМИРОВАНИЕ КАЗАХСКОЙ  
ИДЕНТИЧНОСТИ», ПОСВЯЩЕННОЙ 350 ЛЕТИЮ  
ЕСЕТ БАТЫРА КОКИУЛЫ**

Ақтобе 2017



Н.М. Гутьяра. – Оренбург: Тип. - Лит И.И. Евфимовского – Мировицкого, 1895. – 365 с.

34. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. – Оренбург: Тип. Бреслина, 1887. – 170 с.

35. Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 104 б

36. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2 бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 258 б.;

37. Валиханов Ч.Ч. Соб.соч. в пяти домах, Т. 4, – Алматы, 1985. – 258 с.

38. Чернов И.В. Записки Ивана Васильевича Чернова. – Труды Оренб. уч. архивной комиссии, вып. 18, 1907, с.14-224, 22 табл.илл. в тексте.

39. Чулошников А.П. Восстание 1755 г. в Башкирии. – Изд-во АН СССР Москва-Ленинград 1940. – 108 с.

## **«ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН» НЫСАНЫ – ТАМА ЕСЕТ БАТЫР КЕСЕНЕСІ**

*Л.С.Нуркеева*

Тарихи ескерткіштер – халық өмірінің жылнамасы болып табылады, соның ішінде халықтық сәулет ескерткіштері белгілі бір жердің тарихынан сыр шертеді. Ақтөбе облысы аумағында кездесетін қасиетті де көрікті жерлердің бірі – Алға ауданы, Бестамақ елді мекенінде орналасқан Тама Есет батырдың кесенесі.

Есет батыр Көкіұлы – қазақ халқының жоңғар-қалмақ басқыншыларына қарсы күресте есімі елге танылған әйгілі батырларының бірі, ел азаттығы үшін майданның алғы шебінде тұрған сардар, қол бастаған қолбасшы. Есімі парсы тілінен аударғанда «лайықты», «қадірлі» деген мағына береді (Есет Кокиұлы). 1667 жылы қазіргі Ақтөбе облысының Қуағаш жерінде (Қандыағаш, Елек, Құласу салалары) дүниеге келген, шыққан тегі Кіші жүздің Жетіруы ішіндегі Тама руынан (Ертемиров, 2015, 101-б). Әкесі Көкі батыр өз заманының даңқты батыры, 1643 жылы әйгілі Орбұлақ шайқасында Жалаңтөс баһадүрдың 20 мыңдық әскері сапында ерлік көрсеткен сарбаз, күллі қазаққа Таймас батыр есімімен белгілі. Тамадан тараған Есет батырдың шежіресін тарқатып көрсек: Тама → Қарабура → Нәрік → Шора → Әліп → Аташал (Есенгелді) → Торым → Базарқұл → Көкі → Есет батыр (Бейсенбайұлы, 1992, 82-б). Бұдан көріп отырғанымыздай Есет батырдың арғы бабалары – қазақ тарихында өзіндік орны бар атақты Қарабура әулие мен 1546 жылы Сафа-Гирей ханмен шайқаста қаза болған Қазан хандығының белді қараша-бегі Шора мырза Нәрікұлы (Д.Жұмағалиев). Ауызша тараған деректерде Көкі батыр бірнеше рет Меккеге барып қажы атанған, соңғы сапарында сол жақта қайтыс болған деген мәлімет бар. Тама руының түрлі шежірелерінде Көкі батырдан тарайтын Есет, Есен атты ұлдары мен Бәкі, Тәжі есімді қыздары.

Нақтыланбаған деректерде Бәкіден – әулие Бекет, Тәжіден – атақты қолбасшы Жанқожа батырдың әкесі Нұрмұхаммед туған (С.Сағымбаев). Бұған қоса Көкі батырдан Есеттен басқа Қарабас, Тоқтағұл есімді ұлдары болыпты десе, елші А.И.Тевкелев күнделігінде Есет батырдың інісі Тұрымбет батыр аты жазылған, Орынбор губернаторы И.Неплюевтің журналында тама Есеттің екі інісі – Төле және Құбылдың есімдері кездеседі (Д.Жұмағалиев). Есет батырдың анасы Назым (Қарашаш) кетенің атақты биі, асқан байы Болпаштың қызы, әйгілі Әжібай би мен Арал батырмен бір туған (Ертемиров, 2015, 102-б). Ал тағы бір зерттеушілер Есет батырдың нағашы жұртын Алшын Бекқұлы әулиемен байланыстырады, ауызша дерек таратушы қариялар «Есет батырға әулиелік нағашысы Бекқұлы әулиеден келген екен» деп келтіреді (Қананияұлы, 2010, 13-б). Бұл ретте Бекқұлы бабаның халық арасындаы «Маған түне, Есеттен тіле» деген өсиет сөздерін де назардан тыс қалдырмайық. Жаугершілік заманда дүниеге келіп, ат жалында ерте есейген Есет батырдың бойындағы ерекше қасиет, әулиелік пен көріпкелділігі біздің заманға дейін аңыз-әңгіме боп жетті. Солардың бірінде бозбала Есет үй маңындағы киізге оранып ұйықтап қалады. Мамыражай жатқан ауылына сол күні қалмақтар шауып, мал-мүлікті қолды қылып айдап кетеді. Есет оянса ауылда шу, дауыс шығарған әйелдер, қуғыншы болар еркектің бәрі жорықта, бала еш ойланбастан атқа мініп жауды қуып кетеді. Көп уақыт болмай Есет жалғыз өзі мал-мүлікті еліне қайтарған екен. Асып-сасып, үрейлене қашқан қалмақтың бір адамы «Әуел баста бізді қуған бір атты еді, лезде алашаң боп жүз атты кісіге айналды, бәрі қаумалап жүріп олжамызды тартып алып кетті» деп еліне айтып барыпты. Жауды жалғыз өзі қуып жетіп, сұм қалмақтардың көздеріне жүз шақты сарбаз боп көрінуі – Есет батырдың бойындағы әулиелікті көрсетіп отыр. Ұзақ өмір жасаған қарт сарбаздың көріпкелділігі өз алдына бөлек: жиені Жанқожа Нұрмұхаммедұлына айтқан өсиеті, соңыннан көп ермес деп Сырым Датұлына айтқаны, 1749 жылы Бәйімбет батырдың асына жиналған күллі шектіні «әке жолын ұл басар, дауыл тектес батыр шығар» деп жұбатумен сабырға шақырыпты. Кейін атақты Көтібар батырмен бірге башқұрт, түрікпенге қарсы күш жинап күйрете соққы берген Қайдауыл батырдың есімі әйгілі болады (С.Сағымбаев).

Ел тәуелсіздігі үшін он бес жасынан қару ұстап, атқа қонған Есет батырдың өмірі мен қызметін ғалымдар үш кезеңге бөліп қарастырады: -Бірінші кезең 1667-1687 жылдары – батыр атануы; -Екінші кезең 1690-1710 жылдары – Тәуке хан тұсында 2 мыңдық әскерді басқаруы. Жем, Ойыл өңірінде түрікмендерге қарсы, 1706 жылы Еділ қалмақтарына қарсы шайқастарда 12 рет жекпе-жекте жеңіске жеткен. Тәуке хан осы кездегі Есеттің ерлігіне риза болып «Айбатың асса түссін, найзаң мұқалмасын, ел намысы тұздығың болсын» деп бата берген болар. -Үшінші кезең 1710-1749 жылдар. 1710 жылы Қарақұм құрылтайынан бастап Әбілқайыр хан тұсындағы кезеңі, Кіші жүздің 30 мыңдық әскерінің Жетіру түменіне бас қолбасшылық жасауы (Ертемиров, 2015, 103-б). Есет батыр 1700 жылы кіші ру биінен 1722 жылы Жетірудың аға

биіне дейін көтерілген. Батырдың өміріндегі маңызды оқиғалар: - 1720-1745 жылдары ел шекарасын башқұрт пен қалмақ шапқыншылықтарынан қорғап, тойтарыс беруі. Осыдан жау арасында, әсіресе башқұрттардың ішінде «Есет келді дегенше Әзірейіл келді десейші» деген сөз тарайды. - 1721 жылы Темір даласында басқыншы жонғар қолын күйретеді. - 1726-1728 жылдары қалмақ ханы Цэрен-Дондуктың ордасында аманат ретінде болады. Жонғарларға қарсы қол жинау мен ел тағдырын шешу үшін шақырылған Қаракүм құрылтайында біріккен қазақ әскерін Кіші жүз ханы Әбілқайыр бастап, Кіші жүз түменің Есет батыр басқарып, Алаш туын көтеру табындардың көсемі Бөкенбай Қараұлына бұйырады. Құрылтайда күллі қазақтың амандығын сақтау жолында күресу үшін Ұлы жүз қолының бас сардары Ошақты Саурық, Орта жүздің бас сардары керейіт Тайлан батыр шығып, Құран ұстап ант береді. Халық жеңіс үшін қолын жайып, Мұхаметжан қыбылаға қарап бата қылады, ақ боз бие сойылады. Көп жиналған жиында ортаға да, қол басына да сұлтандар емес, батырлар шықты (Тұрабаев, 2010, 24-б). Жан-жағынан анталаған жау, ел басына күн туған кезде әскербасылар мен батырлардың беделі өседі, соның ішінде өзге хандар мен сұлтандардан гөрі Бөгенбай, Есет, Жәнібек сынды Кіші және Орта жүз батырларының қолдауына сүйенген Әбілқайыр хан дара еді. Қазақ тарихы мен өміріне түбегейлі бетбұрыс әкелген Анырақай шайқасында (1730 жылдың көктемі, Балқаш маңы) «қарасүйек» өкілдері – Жетірудан Бөкенбай мен Есет батырлар, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Жәнібек батыр, Өтеген батыр, Тайлақ батыр, Саурық батыр, Малайсары батыр және көптеген даңқты жауынгерлердің есімдері азаттық пен тәуелсіздік ұғымдарына теңесті (Ерофеева, 2007, 148, 190-бб). Бар өмірін азаттық жолында өткізген бабалар Батыстан ескен желді сезіп, ендігі кезекте күш-қуаты тасып келе жатқан Ресей патшалығымен байланыста болу үшін әрекет етті. XVIIIғ 30-жылдарынан бастап солтүстік және батыс шекарада қазақ-башқұрт, қазақ-қалмақ арасы шиеленіп кетеді, бұл мәселені шешу үшін Кіші жүз ордасына башқұрт көсемі Алдар Исенгелді келеді. Қазақтың бек-билері, батырлары жиналған жиында Ресей патшалығына бодандық емес, бітімгерлік мазмұнда хат жазылады, бұл топта Есет батыр да болғаны анық (З.Кәрімхан). 1731 жылдың 10 қазанында Мәнітөбеде Кіші жүз ханы Әбілқайырмен бірге тама Есет батыр, табын Бөкенбай батыр, Құдайназар мырза және ақсүйек старшындардан 27 адам Ресей патшалығының елшісі алдында Құран ұстап, патша әміршісіне бағынуға ант қабылдады (Ерофеева, 2007, 275-б). 1740 жылы Орынборда Орта және Кіші жүз өкілдері мен Орынбор комиссиясы В.Урусов князы арасында болған келіссөзде Есет батыр екінші қайта ант қабылдайды. Осы ретте Есет батырға 1743 жылы 3 шілдеде Ресей үкіметі тарапынан тархандық грамота тапсырылып, тархан атағы беріледі. Орыс деректерінде тама Есет тарханның қоныстары «Қаракөл көлінің маңында, Жем мен Жайық өзендері аралығында, Жайық бойындағы Антонов форпостынан 3 шақырым жерде», П.И.Рычковтың мәліметінше Қаракөл көлі Жайық өзенінің ағысы бойынша сол жақ беттен екі

күндік жерде, Жайық қалашығынан төменіректе орналасқан (Д.Жұмағалиев). Оған қоса мал жағынан «Қарақұмда қаптап жүрген қылқұйрық Бөкенбай мен Есеттікі» деген сөз бар (Тұрабаев, 2010, 23-б).

Табын Бөкенбай – Тама Есет батырдың қайынағасы, екеуі жастайынан бірге жүріп, бірге шайқасқан, кейін бір-бірімен жегжат болған. Бір жорықта Есет жаудың қолына түсіп бес жылдан соң тұтқыннан әзер құтылып шықса да жауда әйелі мен баласы қалады. Елге оралған Есеттің жалғыз қалғанын көрген Бөкенбай батыр оған өз қарындасы Еңсеп сұлуды қосыпты. Есет батырдың Ақмандай (қалмақтар қолында кеткен), Қалдыбай, Қаржас атты ұлдары, Ботакөз, Сәуле, Қаракөз есімді қыздары болған (С.Сағымбаев) және орыс деректерінде кездесетін ұлдарының есімдері – Жолболды мен Садыр. 1755-1756 жылдары Батырша молда бастаған башқұрттар көтерілісінен соң Кіші жүз жеріне бас сауғалап келген башқұрттарды жетірулық бас старшын Есет батыр, табын руының басшылары Төлебай би, Құдайназар би, жағалбайлылар рубасы Серке батыр өз жерінде паналатыпты деген мәлімет бар (Есет Кокиұлы) демек, Есет батырдың жасы тоқсанға келіп дүниеден өткен жылы 1747 жыл емес, 1757 жылы қайтыс болған (Исенов, 2017, 9-б). Батыр қайтыс болар алдында халқын жинап: - Халқым, бәріңе ризамын, он бесімнен атқа отырып, елді қорғадым. Жайықтан ата-қонысыма жауды өткізбедім, енді дүниеден өтер күн де жақын. Мені жерлегенде әдет-ғұрып бойынша басымды құбылаға қаратпай, аяғымды батысқа, басымды шығысқа қаратып жерлендер. Бізді «тағы халықтар» деп атап табанына салғысы келген Ресей патша залымдары мен қанқұмарларын өлсем де табаныммен тіреп жатайын, -депті (С.Сағымбаев). Жерленген жері Ақтөбеден 35 шақырымдағы Бестамақ ауылының «Есет төбе» аталатын жерде. Мазарының үстіне құм мен шикі балшықтан тұрғызылған кесене уақыт пен табиғаттың әсеріне шыдамай құлаған. Десек те, әулие батырдан ем сұрап басына түнеушілер легі тоқтамаған, кеңестік билік қанша жерден тыйым салса да 1979 жылы халық өз күшімен ақ кірпіштен мазар тұрғызыған. Алайда партияның қызыл белсенділері араласып, мазарды бұзыпты (В.Кожухарь).

Қазақ елі егемендігін алып, тәуелсіздігін жариялаған жылдан кейін 1992 жылы 3-4 қыркүйек күндері Тама Есет батырдың 325 жылдық мерейтойы атап өтілді, басына кесене тұрғызылды. Құрылысқа Маңғыстау жерінен шыққан қызғылт түсті ұлутас тастары әкелінді, кесененің сәулеттік пішіні киіз үй кейпінде, биіктігі 11 метр, ені 5 метр. Кесененің дулыға тәрізді күмбезінің негізі текше тәрізді, батыс қабырғасында батырдың толық бойы кескінделген (3 метр). Кесененің жоғарғы жақ арқауы эпиграфиялық фризбен келтірілген – кіреберісте арабша «Тама Есет батыр Көкіұлы 1667-1749» жазуы бар (Есет батыр кесенесі). Кесене жобасының авторы – Тоқтағазы Жонысбеков. Содан бері зияратшылар мен туристер легі толастамай жыл сайын артуда, батырдың басына түнеуге және бала көтермеу, қан қысымы, жүрек, буын ауруларына ем сұрап барушылар көп. Халық пен демеушілердің қаражаты есебінен және «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 2013 жылы Есет батырдың мемориалдық кешеніне қонақ үй, музей, 200 орындық асхана, намазхана, демалыс бөлмелері

салынды (Атақты Есет батырдың сауыты). Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған ең құнды жәдігерлердің бірі – Тама Есет батырдың киген ақ сауыты. Сауыт болат шығыршық темірден тапалып жасалған, шығыршық торды тоқып дәнекерлендірген. Ойық омыраулы. Тордың бір көзінің өлшемі 8 мм, жұқалығы 0,5 мм, ұзындығы 69,5 см, салмағы 8,300 кг. 1968 жылы музей қорына Есет батырдың ұрпақтары сыйға тапсырған сауыт жәдігерлер топтамасында сақтаулы.

Еліміздің биылғы аса маңызды шараларының бірі - Тама Есет батырдың 350 жылдық мерейтойы қарсаңында «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының киелі орындарды анықтау жұмыстары сәтті жүргізіліп, тарихи тұлғалармен байланысты киелі орындардың тізімінде Тама Есет батыр кесенесі өз орнын тапты (С.Сабеков).



**1. Тама Есет батыр кесенесі.  
Сәулетші – Т.Жонысбеков**

**2. Кесенедегі эпиграфиялық фриз**



## Әдебиеттер тізімі:

1. Атақты Есет батырдың сауыты оның кесенесі жанындағы мұражайда сақталмақ <http://www.inform.kz/kz/> 24.08.2017 ж
2. Бейсенбайұлы Ж. Кіші жүз шежіресі // Ана тілі, 1992.
3. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. – А.:2007.
4. Ертемиров А.С. Ел тірегі – Ер Есет // «Қазақ хандығының дамуы: дәуір, оқиғалар, тұлғалар»: Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Ақтөбе: 2015.
5. Есет батыр кесенесі <http://culturemap.kz/kk/object/mavzoleiy-eset-batyra> 24.08.2017 ж
6. Есет Кокиұлы [https://ru.wikipedia.org/wiki/Есет\\_Кокиұлы](https://ru.wikipedia.org/wiki/Есет_Кокиұлы) 24.08.2017 ж
7. Жұмағалиев Д. Есет тарханның туған жылы анықталды. [http://www.history-state.kz/?ELEMENT\\_ID=856](http://www.history-state.kz/?ELEMENT_ID=856) 24.08.2017 ж
8. Исенов Ө. Есет тархан Көкіұлы (1669-1757)// Қазақ тарихы, №2. 2017.
9. Кәрімхан З. Қазақ батырларының тағдыры. Есет батыр Көкіұлы <http://e-history.kz/kz/publications/view/1393> 24.08.2017 ж
10. Кожухарь В. Мемориал Есет батыра. Священное дерево и целебный колодец <http://www.diapazon.kz/aktobe/aktobe-news/74682-memorial-eset-batyra-svyashchennoe-derevo-i-celebnyu-kolodec.html> 24.08.2017 ж
11. Қанапияұлы Б. Бекқұлы баба // «Нұр-Дәулет», 2 сәуір 2010.
12. Сабеков С. Ученые презентовали список 100 сакральных мест Казахстана [www.inform.kz](http://www.inform.kz) 30.08.2017 ж
13. Сағымбаев С. Есет батыр Көкіұлы <https://baq.kz/kk/news/regmedia/regmedia-63014> 24.08.2017 ж.
14. Тұрабаев Е. Тағы да Бөкенбай батыр жөнінде // «Ақтөбе» 2010.

## ЕСЕТ БАБА КӨКІҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ ТАРИХЫ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

*Б.С.Нызметов*

Қазақ тарихында айтулы да ерекше, тарихи оқиғаларға толы, қилы-қилы замандар, сұрапыл қиыншылығы мол жылдар өткен. Осындай кезеңдерде елдің ішінен жүрек жұтқан елім деп еңіреп, артынан өз жақтастарын жинап, бастарын қосып, елдің бірлігі мен тәуелсіздігі үшін жандарын шүберекке түйген, батыр тұлғалар туған, солардың бірі, бірегейі Есет батыр. Біз айтып отырған бабамыз тама тайпасының аташал аталығына жататын Көкіұлы Есет батыр. Ақиқатында XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысы қазақ халқының сыртқы жаулармен күресі туралы деректер мен мәліметтер азды-көпті жазба және халық ауыз әдебиетінде сақталған.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді